

Мемлекеттік бағдарлама арқылы кәсібін кеңейтті



Қаламызда тағы бір нысан бой көтерді. Кәсіпкер қоғамдық тамақтану орыны, яғни, асханасын үлкейту үшін мемлекеттің көмегіне жүгінген.

Жеке кәсіпкер Тоғжан МӘСЕРБАЕВАНЫҢ бұған дейін қалалық теміржол вокзалы жанында «Жас ару» аталатын асханасы болатын. Қоғамдық тамақтану оры-

нының жоғары қызмет көрсету сапасы мен дәмді, әр-кез жаңа піскен тағамдарын ұсынатын болғандықтан ол жерге де келушілер жеткілікті болатын. Алайда, асхана ғимараты жалға алынғандықтан, әрі нысанның тарлығы тұтынушыларға ыңғайсыздық тудырғандықтан кәсіпкер жеке ғимаратым болса деп армандап жүретін. Арманың орындалып, мақсатқа

қол жеткізуге мемлекет қол ұшын берді. Нәтижесінде өткен жылы «Еңбек» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несие рәсімдеп, жеке ғимаратын салып, асхананы заманауи үлгіде жабдықтап алды. – Бүгін, міне, алға қойған мақсатымыз жүзеге асып, «Жас ару» аталатын асханамызды үлкейтіп отырмыз. Бұрын бізде 40 – 50 ғана орын болса, қазір мұнда 120 адам сыяды. Соған сай жұмыс орыны да 5 –тен 12 –ге көбейіп отыр. VIP бөлmemізді де ашып қойдық. Бұл жерде алкоголь өнімдері сатылмайды. Тағамдарымыздың құны қалтаға қолайлы. Біз тұтынушыларымызды жана орында күтетін бола-



кет басшылығына алғысымыз шексіз. Осындай жаңа асхана ашу үшін «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының көмегімен, «Еңбек» бағдарламасы аясында 6 % –бен 5 жылға 15 млн. теңге несие алдым. Бізге қолдау көрсеткен қалалық әкімдікке, кәсіпкерлік бөліміне де

ме жібі салтанатты түрде қиылып, қала әкімінің орынбасары Дархан Нұрланұлы кәсіпкердің алдағы ісіне сәттілік тіледі.

Айта кетейік, өткен жылы аталған «Еңбек» бағдарламасы арқылы қала бойынша 9 адам 58,5 млн. теңге несие алса, биыл да 53,5 млн. тең-

2019 жылғы 21 қарашада Мемлекет басшысы «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ілгерілету аясында жүктеген міндеттерді орындау бойынша қалалық әкімдік ғимаратында **Бірыңғай (Ұлттық) азаматтарды қабылдау күні** өткізілетін болады.